



## Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ПРЕСС-АНОНС

### Құрметті БАҚ өкілдері!

**2023 жылдың 4-5 сәуір күндері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық әл-Фараби орталығының 30 жылдығына арналған «Тіл философиясы және Әбу Насыр әл-Фараби философиясының тілі» атты Халықаралық Фараби Форумын өткізеді.**

Орталық Азия, Қазақстан және бүкіл Шығыс халықтарының мәдениет тарихында, әлемдік ғылым мен мәдениет тарихында ұлы ойшыл және философ-энциклопедист Әбу Наср Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ әл-Фараби әт-Түркидің (870-950) орны ерекше. Әл-Фарабидің аса бай ғылыми-философиялық мұрасы қазіргі Қазақстанның және әлем өркениетінің де асыл қазынасы, осы заманғы ғылым, білім мен мәдениеттің бірегей қайнар көзі. Сондықтан әл-Фараби есімін иеленген Қазақ ұлттық университеті Халықаралық Фараби Форумы арқылы адамзаттың ұлы ойшылы, бүтін түрік дүниесінің ортақ тұлғасы әл-Фарабидің мұрасы мен мирасын зерттеу, тарату, насихаттауды және күллі дүниенің фарабитанушылары бас қосатын, кеңесетін, талқы жасайтын ғылыми алаңды қалыптастыруды отандық ғылым саласының, еліміздің бүгінгі мен келешегі үшін аса маңызды іс деп есептейді.

Халықаралық Фараби Форумы әл-Фараби мұрасын зерттейтін отандық және шетелдік ғалымдарды біріктіруге; әлемнің озық ойлы ғалымдарының диалогы мен әріптестігін нығайтудағы жаңа платформа болуға бағытталған. Әл-Фарабидің мол мұрасы арқылы заманауи қоғамның өркендеуінің рухани, тарихи және философиялық негіздерін ұғыну халықаралық іс-шараның басты мақсаты.

Шараның ашылу рәсімінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Басқарма Төрағасы-Ректоры **Жансейіт Түймебаев**, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің ректоры **Мұхаммад әш-Шаххат әл-Жинди** (Мысыр), Өзбекстанның Алматы қаласындағы Бас консулы **Аброр Фатхуллаев** (Өзбекстан), Алматыдағы Иран Ислам Республикасының Бас консулы **Мухсин Фағани** (Иран), ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институтының директоры **Серік Сейдуманов** (Қазақстан), Сирияның Қазақстандағы Құрметті консулы **Самир Дерех** (Сирия), белгілі фарабитанушылар – философия ғылымының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Халықаралық әл-Фараби орталығының ғылыми

кеңесшісі **Жақыпбек Алтаев**, әл-Фараби еңбектерінің аудармашысы, философия ғылымының кандидаты, доцент **Клара Тәжікова** сөз сөйлейді.

Сонымен қатар, форумға алыс-жақын шет елдерден Ислам Конференциясы Ұйымының (COMSTECN) Ғылым және технология операциялары жөніндегі комитетінің Бас үйлестірушісі **Чаудхари Мұхаммед Иқбал**, Түркі халықтары Философия қоғамының тең төрағалары: философия ғылымының докторы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры **Тұрсын Ғабитов** пен философия ғылымының докторы, профессор Хожатепе университеті түрік халық білімі кафедрасының меңгерушісі **Өзкүл Шобанұғылы** (Түркия); Иран Ислам Республикасы Сыртқы істер министрлігінің аға сарапшысы және әл-Фараби жұмыс тобының жетекшісі **Әли Мұжани Қоми** (Иран), Ыстамбұл университеті әл-Фараби атындағы Еуразия ғылыми-зерттеу орталығының директоры **Абдулла Қызылжық** (Түркия), Охридтік Әулие Климент атындағы София университетінің әл-Фараби ғылыми-білім және мәдениет орталығының директоры **Виолетта Добичина** (Болгария) құттықтау сөздерін арнайды.

Форумға белгілі ғалымдар мен әл-Фараби мұрасын зерттеушілер Францияның еңбек сіңірген профессоры, Академиялық Пальма орденінің кавалері, Қазақстан Республикасы Бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының лауреаты **Альберт Фишлер** (Франция), Әзірбайжан Ұлттық Ғылым академиясы Философия институты директорының орынбасары, философия ғылымының докторы, профессор **Али Аббасов** (Әзербайжан), Философия ғылымының докторы, профессор, Өзбекстан Философия қоғамының төрайымы, Мырза Ұлықбек атындағы ұлттық университеттің руханилық негіздері кафедрасының меңгерушісі **Нигинахон Шермұхамедова** (Өзбекстан), PhD, Ұлыдағ университетінің профессоры **Яшар Айдынлы** (Түркия), PhD, профессор, Эрджиес университеті теология факультетінің деканы **Ахмет Камил Жахан** (Түркия), PhD, Малайзия университеті Ислам зерттеулері академиясының ғылыми қызметкері **Шуаибу Умер Гохару** (Малайзия), ҚР Ұлттық ғылым академиясының мүше-корреспонденті, философия ғылымының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ Философия, саясаттану және дінтану институтының Бас ғылыми қызметкері **Наталья Сейтахметова**, философия ғылымының докторы, Мәскеу мемлекеттік университетінің Қазақстандық филиалының профессоры **Сәбина Аязбекова**, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Иран-Тұран» зерттеу орталығының директоры, филология ғылымының докторы, профессор **Ислам Жеменей**, филология ғылымының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры **Самал Төлеубаева**, PhD, Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті Ғылым және инновация департаментінің директоры **Ықтияр Палтөре**, Халықаралық Ислам Академиясының ғылыми қызметкерлері **Нүрилла Тұрамбетов**, **Рамзжон Исақжанов** **Мохира Абдуллаева** (Өзбекстан), филология ғылымының докторы, академик Бободжон Гафуров атындағы Ходжент мемлекеттік университеті профессоры **Мехринисо Очилова** (Тәжікстан), филология ғылымының докторы, профессор, Тәжікстан Ұлттық Ғылым академиясы Азия және Еуропа елдерін зерттеу институтының Бас

ғылыми қызметкері **Таджиддин Мардони** (Тәжікстан) және т.б. қатысып, баяндама жасайды деп күтілуде.

Форумға қатысушылар ғылым мен білім берудің интеграциясына, қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік және зияткерлік мәдениетін жетілдіруге қатысты өзекті мәселелердің кең ауқымын талқылайды. Секциялар аясында әл-Фараби еңбектеріндегі тіл философиясы мәселелері, пайымдауларды қалыптастырудағы логикалық-лингвистикалық өзара байланыс, Әбу Насыр Әл-Фараби шығармаларының философия тілін зерттеу призмасы арқылы «сыртқы сөйлеудің» логикамен байланысы қаралатын болады. Форум аясында әл-Фараби тілінің философиясы ойлау мен тілдің өзара байланысын талдап қана қоймай, тілдің, сөздердің және сөйлеудің коммуникативті рөлін анықтайтын, ақыл-ойды түсінетін субъектілерді танудағы дискурстың әртүрлі формаларын анықтайтын, философия тілі араб тіліндегі философиялық категориялардың терминологиялық құрылымы ретінде ұсынылған зерттеу саласы ретінде негізделеді.

Форумда **Тіл философиясы және мәдениетаралық коммуникацияның ерекшеліктері (04.05.2023), Әбу Насыр әл-Фараби философиясының тілі: ортағасырлық мәтіндерді аудару ерекшеліктері (04.05.2023), Аударманың лингвомәдени мәселелері (05.05.2023), Қасиетті мәтіндер тілі: теоллингвистиканың әлеуметтік-мәдени аспектілері (05.05.2023), Қазіргі ғылымдағы түпнұсқа және аударма тілінің лингвистикалық тезаурусы (05.05.2023)** бағыттары бойынша секциялар жұмыс жасайды.

Сонымен қатар Форум аясында **«Әбу Насыр Әл-Фарабидің мұрасы және әлемдегі психологиялық ғылымның дамуы»** пікірталас алаңы, **«Әл-Фарабидің тәрбие тілі: Мәдениетаралық қарым-қатынас және ұлттық болмыс контекстіндегі тұлға»**, **«Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс: білім беру мен зерттеулердегі жаңа көзқарас»**, **«Қазіргі Қазақстандағы университеттік білімнің болашағы: жастар дискурсы»**, **«Қазіргі қазақ философиясындағы прагматизм және руханият»**, **«Философия тілі: Lingua latina – араб тіліндегі аудармалар – заманауи трендтер»**, **«Бақыт туралы философиялық дискурс»**, **«Қоғамды интеграциялаудағы дін мен мәдениеттің әлеуеті»** және **«Тәуелсіз Қазақстанда саясаттану ғылымының қалыптасуы мен дамуы»**, **«Әл-Фараби мұрасындағы ой мәдениетінің қалыптасуы»** атты пікірталас алаңдары жұмыс істейді. Сонымен қатар, **Философиялық эссе байқауы**, **«Қазақ философиясының өзектілігі»** бейнероликтер байқауы, Кіші Фараби Академиясы мен Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті бірлесіп өткізетін **«Сұлтан Бейбарыс: ақиқат пен аңыз»** атты дөңгелек үстел мәжілісі болады.

**Форумның жұмыс тілдері:** қазақ, орыс, ағылшын, түрік

*Қатысушылардың баяндамаларының қорытындысы бойынша ғылыми жинақ шығару жоспарлануда.*

**Күні мен уақыты:**

*2023 жылдың 4-5 сәуірі, 10:00 – 18:00*

**Формат:**

*гибридті (офлайн/онлайн режимі, масштабтау платформасы)*

**Өтетін орны:**

*пленарлық мәжіліс Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71/27 мекенжайы бойынша әл-Фараби кітапханасы, 4-қабат, конференц-зал, №409.*

**Ұйымдастырушылар:**

*Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

*Халықаралық әл-Фараби орталығы*

*Кіші Фараби академиясы*

*Философия және саясаттану факультеті*

*Философия кафедрасы*

*Дінтану және мәдениеттану кафедрасы*

*Шығыстану факультеті*

*Филология факультеті*

**Байланыс үшін:**

*Мира Рашидқызы Балтымова +7 747 366 7331,*

*Қанат Алтынбеков +7 747 545 3767*

*Электронды адрес: [farabiforum2023@gmail.com](mailto:farabiforum2023@gmail.com)*

*Тел. 8 (727) 377-33-33 (1698), 8 (727) 377-33-33 (1397)*